

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

АЭС

ЖАРИЯЛАНДЫ
03.10.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/164806/

Атом электр станциясы (АЭС) – бұл атом энергиясын электр энергиясына айналдыратын өндірістік кешен.

АЭС жұмысының негізі ядролық реакцияларда жатыр, бұл кезде ауыр атом ядролары мысалы, уран немесе плутоний ауыр атом ядролары бөлшектеніп, үлкен мөлшерде энергия бөлінеді. Бұл реакция-яд, адамдардың денсаулығына үлкен зиянын алып келеді. Осы АЭС туралы ойлар екі жақты, біреуі АЭС ол қажет деседі, ал екінші жақ оның салынуына мүлдем қарсы. Жоғарыда отырғана адамдарының айтуы бойынша осы АЭС-ның салынуына 72% адам келісті делінген, бірақ бұл мәселені құптаған кімдер? белгісіз. Бұл мәселені қозғап, оның жағымды және жағымсыз жақтарын, өз ойын жеткізген адамдар да аз емес.

Негізінен Қазақстан әлемдегі ең ірі уран өндіруші елдердің бірі болғандықтан, АЭС салу логикалық қадам болып көрінеді. Алайда елде АЭС салу мәселесі ұзақ уақыт бойы қоғамда және үкімет деңгейінде пікірталастар тудырып келеді. Қазақстанның атом саласындағы негізгі объектілерінің бірі – Кеңес Одағы кезінде жұмыс істеген Семей полигоны. Бұл полигонда ядролық сынақтар жүргізілген, бірақ электр энергиясын өндіретін атом станциясы болмаған.

Қазіргі таңда Қазақстанда АЭС салу үшін орын ретінде Алматы облысындағы Балқаш көлінің жағалауындағы Үлкен ауылы таңдалған. Бұл жоба Қазақстанның энергетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру және жаңартылатын энергия көздерімен үйлестіру мақсатында қарастырылуда. Алайда халықтың пікірі мен экологтардың алаңдаушылығы бұл жобаны іске асырудың маңызды факторы болып табылады. Сол үшін жақын арада Референдум өткізбекші. Егер бұл жоба іске асатын болса, оның да артықшылықтарын байқай аламыз.

1. Жоғары тиімділік: Ядролық реакция кезінде бөлінетін энергияның мөлшері өте жоғары. Мысалы, 1 кг уранды бөлген кезде көп мөлшерде энергия алуға болады, бұл көмір немесе газбен салыстырғанда әлдеқайда тиімді.

2. Төмен көмірқышқыл газ шығарындылары: АЭС парниктік газдарды мүлдем

шығармайды. Сондықтан ол климаттың өзгеруімен күресудемаңызды рөл атқарады. Басқа электрстанцияларымен салыстырғанда, АЭС атмосферағазиянды заттарды аз шығарады.

3.Тұрақты және үздіксіз энергия көзі: Жел немесе күн энергиясынан айырмашылығы, АЭС ауарайына тәуелді емес және тәулік бойы тұрақты жұмыс істей алады. Бұл оны сенімді энергия көзіне айналдырады.

Айгүл Соловьева – Қазақстанның экологиялық ұйымдары қауымдастығының төрайымы. Ол АЭС салу мәселесіне жан-жақты қарау қажеттігінаытады. Оның пікірінше, климаттың өзгеруімен күресте парниктік газдарды азайту үшін АЭС тиімді болуы мүмкін. Бірақ бұл шешімді қабылдамас бұрын, қауіпсіздік және экологиялық әсерлерді терең зерттеу керек екенін атап өтеді. Қарсы еместігін көрсетеді.

Бірақ бұл жобаның кері жағдайлары да бар.

1. Қауіпсіздік мәселелері: АЭС жұмысының басты қауіп-қатері – радиациялық апаттардың қималдығы. Тарихта Чернобыль мен Фукусима сияқты ірі апаттардан кейін атом станцияларына деген сенім төмендеді. Мұндай апаттар кезінде қоршаған ортаға үлкен зиян келтіріліп, адамдардың денсаулығына қатер төнуі мүмкін. Қазақ елінің басты ойланатын мәселесі осы дей аламыз.

2. Радиоактивті қалдықтар: Ядролық реакция нәтижесінде радиоактивті қалдықтар пайда болады. Бұл қалдықтарды қауіпсіз сақтау және утилизациялау үлкен мәселеге айналууда, өйткені олар мыңдаған жылдар бойы қауіпті болып қалады.

3. Қымбат құрылыс және пайдалану шығындары: АЭС-ті салу үлкен қаржыны талап етеді, сонымен қатар оны пайдалану мен техникалық қызмет көрсету де қымбат.

- Мэлс Елеусізов – Қазақстандағы танымал эколог және “Табиғат” экологиялық қозғалысының жетекшісі. Елеусізов АЭС-тің салынуына қарсылық білдіріп, бұл станциялардың қауіп-қатерін айтады. Оның пікірінше, АЭС – үлкен экологиялық апаттарға алып келуі мүмкін қауіпті нысандар. Сондай-ақ, ол радиоактивті қалдықтардың қауіпінде атап өтеді. Қазақстандағы осы жасалатын жобаең ірі әрі алғашқы болғандықтан бұл үлкен дау-жанжалға айналууда.